


51 Ұйымдасқан қылмыстылыққа қатысушы тұлғаның криминологиялық сипаттамасы

1 Ұйымдасқан қылмыстылыққа қатысушы тұлғалардың типтері

Ұйымдасқан қылмыстылыққа қатысушы тұлғалардың
типтері (Г.М.Миньковский)



Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтардың
жетекшілері

«Танымал ұрылар» (Воры в законе), «беделділер»

Түрлі саладағы кәсіби білімі бар мамандар

Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтың
қатардағы мүшелері

«Жемқор» лауазымды тұлғалар

2 Қылмыстық топтар мен қауымдастықтар жетекшілерінің сипаттамасы



Экономикалық қызмет саласындағы ұйымдасқан қылмыстық топтардың (қауымдастықтардың) жетекшілері; олардың 80 пайызы әдетте мекеменің, кәсіпорынның, ұйымдардың лауазымды тұлғалары болып келеді немесе жеке кәсіпкерлердің ең жоғары дәрежелі өкілдері

«Танымал ұрылар», өзге де «беделділер» қатарынан қылмыстық құрылымдардың басшылары

Құқық қорғау немесе өзге де бақылаушы органдардың жемқор-басшылары

Жалпы сипаттамасы

Барлық жетекшілерге авторитарлық мінез-құлық және ерекше қатыгездік тән, олар қойылған мақсатқа жету үшін барлық тәсілдерді қолданады. Ұйымдастырушылық қабілеттерімен ерекшеленеді, өзгелерді бағындыра алады, өз үстемдігіне шек келтірмейді. Жаны ашығандық сезімдері мүлдем жоқ, басқа адамдарды өз мақсатына жету жолындағы құрал деп қана біледі.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен экономика саласында әрекет ететін топтардың қосылуы аралас топтардың (қауымдастықтардың) туындауына әкеліп соғады, бұл жағдайда оларға жоғарыда аталған тұлғалардың кез келгені басшылық ете алады

Қазіргі уақытта ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың жетекшілері өз әрекеттерін заңды бизнес саласына аударуда

3 «Танымал ұрылардың», «беделділердің» әрекеттерінің мазмұны

«Танымал ұрылардың», өзге де «беделділердің» әрекеттері



Белгілі бір аумақта немесе экономиканың белгілі бір саласында әрекет ететін ұйымдасқан құрылымдардың өзара ақпараттық байланысын қамтамасыз ету және өзге үйлестіруші әрекеттер

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың өтініші бойынша оларға ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету

Ортақ ақша қаражаттарын сақтау

Орын алған даулар мен қақтығыстарды шешу және т.б.

4 Ұйымдасқан қылмыстылыққа өзге де қатысушылардың сипаттамасы

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың (қауымдастықтың) өзге де қатысушылары

Мамандар

Ұйымдасқан қылмыстылыққа қатысушы тұлғалардың бір типі - арнайы кәсіби біліктілігі бар *мамандар* (қару-жарақтарды, жарылғыш заттарды заңсыз дайындау және жөндеу; байланыс құралдары; көлік құралдары; компьютерлік технологиялар; биохимия, фармакология және т. б.)

Бұл топтағы тұлғалар қарым-қатынастың қоғамдық нормаларға сәйкес үлгілерін басшылыққа алады, қылмыстық мінез-құлықтары байқалмайды

Қылмыстық топтар мен қауымдастықтардың қатардағы мүшелері

Қылмыстық топтардың (қауымдастықтардың) *қатардағы мүшелері* - жендеттер, жетекшілердің оққағарлары, барлау әрекеттерін немесе ақпарат жинауды жүзеге асыратын тұлғалар, нақты қылмыстарды жасайтын және олардың ізін жасырумен айналысатын тұлғалар және т.б.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың қатардағы мүшелерінің ерекшелігі - басшылардың нұсқауларын мүлтіксіз орындау дағдылары

Күзетшілер мен жендеттерге тән қасиеттер: табандылық, шұғыл шешім қабылдау; қару-жарақ пен жекпе жек тәсілдерін жетік меңгеру; агрессивтілік, орын алған кикілжіңдерді күш қолдану немесе қорқыту жолымен шешуге бейімділік; жәбірленушіге зорлықпен ықпал ету тәсілдерін еш күмәнсіз қолдану.

«Жемқор» лауазымды тұлғалар

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды «қамқорлығына» алады, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, құқықтық көмек көрсетеді.